



## САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

«Bolashaq» Академиясы» ЖММ – Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің заманауи талаптарына жауап беретін қарқынды дамып келе жатқан жоғары оқу орны.

**Миссиясы** – бітірушілердің құзыреттілігін, бәсекеге қабілеттілігін, ұтқырлығын, әлеуметтік бағдарлануын және кәсіби қызмет пен ғылымда озық инновациялық технологияларды қолдана білуін қамтамасыз ететін сапалы, қолжетімді білім беруді ұйымдастыру.

**Пайымдауы:** «Bolashaq» Академиясы» ЖММ инфрақұрылымы дамыған, жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, әлеуметтік бағдарланған мамандарды даярлауды жүзеге асыратын өңірлік жоғары оқу орны.

Миссияда тұжырымдалған негізгі мақсатқа қол жеткізуде Академия мына **стратегиялық даму бағыттарына** сүйенеді:

- оқу үдерісін ғылыми, өндірістік қызметпен интеграциялау, Академияның оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын жетілдіру, ЖОО сапа менеджменті жүйесін дамыту, білім беру қызметтері нарығындағы сенімді серіктес ретінде Академия ұстанымдарын нығайту;

- қоғамның заманауи қажеттіліктеріне сәйкес келетін жоғары білікті түлектерді кешенді дайындау арқылы білім беру және ғылыми-зерттеу қызметтері нарығында академияның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;

- іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді, инновациялық қызметті дамыту және тереңдету;

- ПОҚ білімі мен жетістіктерін көпшілікке тарату, іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелерінің дәйексөздік көрсеткіштеріне академияның үлесін арттыру үшін ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен білім алушылардың халықаралық ғылыми метрикалық базаларда өкілдігімен жарияланым белсенділігін арттыру;

- әлеуетті жұмыс берушілерді оқу процесіне, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, ЖОО-да білім сапасын сырттай бағалауды өткізуге белсенді тарту;

- инновациялық білім беру, оның ішінде қашықтықтан оқыту технологияларын, АКТ енгізу;

- академиялық және білім беру мекемелері мен орталықтарымен нәтижелі байланыс жасау;

- білім алушыларда көшбасшылық рухын қалыптастыру, бәсекелестік ортада өмір сүре білу және жеті білу;

- корпоративтік мәдениетті енгізу және дамыту және қоғамда жоғары оқу орнының өкілдік имиджін қалыптастыру.

- Академия қызметкерлері мен білім алушыларының материалдық және моральдық ынталандыру, әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру негізінде оқытушылар мен қызметкерлердің ЖОО-дағы жұмыспен қанағаттану дәрежесін арттыру;


Жоғары оқу орнының басшылығы сапа саласындағы осы саясатты жүзеге асыруда көшбасшы болуға міндеттенеді және ол үшін жауапкершілікті өзіне алады:

- Академияның барлық қызметкерлері мен білім алушыларына саясатты жеткізу және оның мәнін түсіндіру;

- ресурстармен қамтамасыз ету және осы Саясат пен Стратегиялық даму бағдарламасын іске асыру үшін жағдай жасау;

- Саясат пен Стратегиялық даму бағдарламасына олардың өзектілігі турасынан, СМЖ жетілдіру мүмкіндігі турғысынан тәртіп сақтау жүргізу.

Ректор



Г.М. Рысмагамбетова

31.08.2023 ж.